

**Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы  
(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік  
қоғамының ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
ШЕГІНДЕГІ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ЕКІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ  
ПРОСПЕКТІСІ**

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың анықтығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын, инвесторларды эмитентке және оның орналастырылатын облигацияларына қатысты адастырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың айналымы кезеңінде эмитент бағалы қағаздар рыногында ақпаратты ашуды қаржылық есептеме депозитариінің интернет-ресурсында ашуды бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қамтамасыз етеді.

**Нұр-Сұлтан қ., 2021 жыл**

**1. Облигациялардың осы шығарылымы «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамының екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.**

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мәлімет:**

1) облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні - 2020 жылғы 20 қаңтар Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде;

2) соның шегінде шығару жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі – 80 000 000 000 (сексен миллиард) теңге;

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың барлық алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жеке), оның ішінде:

– облигациялар шығарылымын Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі-уәкілетті орган) тіркеу күні-2020 жылғы 19 наурыз;

– облигациялардың саны мен түрі-35 000 000 (отыз бес миллион) дана, қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;

– номиналды құны бойынша шығару көлемі - 35 000 000 000 (отыз бес миллиард) теңге;

– шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны - 18 569 672 (он сегіз миллион бес жүз алпыс тоғыз мың алты жүз жетпіс екі) теңге;

– облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі - 17 681 712 378 (он жеті миллиард алты жүз сексен бір миллион жеті жүз он екі мың үш жүз жетпіс сегіз) теңге 42 тиын;

– облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы – 30.06.2021 жай-күй бойынша есептелді 1 742 076 152,67 (бір миллиард жеті жүз қырық екі миллион жетпіс алты мың жүз елу екі) теңге 67 тиын, төленді 1 554 831 960 (бір миллиард бес жүз елу төрт миллион сегіз жүз отыз бір мың тоғыз жүз алпыс) теңге;

– сатып алу күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны - облигациялар сатып алынған жоқ;

– Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлеуді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, сериялы облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы - міндеттемелерді орындамау фактілері жоқ;

– егер облигациялар шығарылымын орналастыру немесе айналымы тоқтатыла тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні

көрсетіледі – мемлекеттік орган облигацияларды орналастыруды не айналымын тоқтқан жоқ (жаңартылмады);

– сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналымға түсетін нарықтар-ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигациялар айналымға түседі, Сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ;

- егер облигациялар айналымда болған жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға ұсынатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде өткізілген және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтары;
- проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде Эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу құқығы;
- проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде сыйақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- облигацияларды еркін иеліктен шығару және басқа жолмен иелік ету құқығы;
- облигацияларды ұстаушылардың эмитенттен өзге мүліктік баламаны не өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар;
- егер Эмитент «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 15 - бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында және 3-тармағында, оның ішінде осы проспектінің 12-тармағының 1) - 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

### **3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

1) облигациялардың түрі - қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;

2) бір облигацияның номиналдық құны (егер бір облигацияның номиналдық құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналдық құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі) - 1 000 (бір мың) теңге;

3) облигациялар саны-35 000 000 (отыз бес миллион) дана;

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі– 35 000 000 000 (отыз бес миллиард) теңге;

5) облигацияның номиналды құнының валютасы, мына облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

атаулы құнның валютасы-теңге. Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банктік шот болмаған жағдайларды қоспағанда, барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы сомасын төлеу облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банк шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты болмаған жағдайда, сыйақы және (немесе) облигациялар бойынша негізгі борышты төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға жол беріледі. Көрсетілген айырбастау Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын облигацияларды ұстаушының банк деректемелерін және төлем жүзеге асырылуға тиіс валютаны көрсететін тиісті жазбаша өтінішті алған жағдайда жүзеге асырылады. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.

Теңгені өзге валютаға айырбастау (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізіледі. Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын облигация ұстаушысының пайдасына теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді. Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын облигацияларды ұстаушыға аударуға жататын сомадан ұсталатын болады. Бағалы қағаздар

бойынша сыйақы түріндегі табыстар Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарына сәйкес салық салуға жатады.

#### **4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:**

Осы шығарылымның облигациялары қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді. Облигацияларды төлеу тәртібі мен шарттары, есеп айырысу тәсілдері Сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **5. Облигациялар бойынша кіріс алу:**

1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Облигациялардың айналымының бүкіл мерзіміне тіркелген облигациялардың номиналды құнынан жылдық 11%.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:

Жылына 1 (бір) рет, облигациялардың айналымы басталған күннен бастап жыл сайын өтеу күніне дейін әрбір 12 (он екі) ай сайын.

3) облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн: облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялардың айналымы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде – облигациялар айналымының бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін жүргізіледі.

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:

сыйақы оны алуға құқығы бар және эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – тіркелген күні) төленеді.

Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу тіркелген күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүзеге асырылады. Төлем күнгі сыйақы номиналдық құнның және купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 (жылына үш жүз алпыс күн/айына отыз күн) уақытша база қолданылады.

**6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

1) ақша талаптарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсуінің шарттары мен болжамды мерзімдері;

2) облигация ұстаушыларға базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат беру тәртібі;

3) арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын активтерді жобалық қаржыландыру және инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты шығыстарының тізбесі.

Эмитенттің облигациялары арнайы қаржы компаниясының облигациялары болып табылмайды.

#### **7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

1) оригинатордың, кастодиан банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;

2) оригинатордың қызметінің мәні, секьюритилендіру мәмілесіндегі құқықтары мен міндеттері;

3) бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша талап ету құқықтарының сипаттамасы, ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;

4) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;

5) секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар;

6) оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;

7) секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;

8) талап ету құқықтарының біркелкілік өлшемдері;

9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі.

Эмитенттің облигациялары арнайы қаржы компаниясының облигациялары болып табылмайды.

#### **8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:**

1) облигацияларды орналастыруды бастау күні-облигациялар айналымының басталу күні;

2) облигацияларды орналастыруды аяқтау күні-облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күні;

3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы) - облигациялар ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында ғана орналастырылады.

### **9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі:**

1) облигациялар айналымының басталу күні – «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларына сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу күні;

2) облигациялардың айналымының аяқталу күні-облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл өткен соң облигациялардың айналымы кезеңінің соңғы күні;

3) облигациялардың айналым мерзімі-облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл;

4) облигациялардың айналымы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы) - облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында айналымға түсетін болады.

### **10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:**

1) облигацияларды өтеу күні - облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.

2) облигацияларды өтеу тәсілі-облигациялар облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күнінің басындағы жай-күй бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша (теңгемен) аудару арқылы облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі;

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сонымен қатар осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібі келтіріледі - осы шығарылымның облигацияларын төлеу ақшамен жүргізілетін болады.

### **11. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда мыналар көрсетіледі:**

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды шығару үшін сатып алудың қосымша шарттары жоқ. Бұл ретте, Қазақстан

Республикасының заңнамасында эмитенттердің бастамасы бойынша облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібі көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

1) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өзінің облигацияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында олардың айналымының бүкіл мерзімі ішінде сатып алуға құқылы. Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі, шарттары мен мерзімі Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен белгіленетін болады. Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады. Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқпауға тиіс.

Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент хабарламаны Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында ([www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)) орналастыру арқылы оны қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы шешімді облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийі ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарында және қаржылық есептеме депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актіде белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Хабарламада тәртіпті, шарттарды сипаттау және облигацияларды сатып алу жүргізілетін күнді көрсету болуға тиіс.

Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені облигацияларды сатып алу туралы тиісті ақпарат алғаш жарияланған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушыға тиесілі облигацияларды Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайы бойынша сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушылар барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы еркін нысанда өтініш беруге тиіс:

*заңды тұлға үшін:*

- облигация ұстаушының атауы;
- бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган (егер қолданылса);
- заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері;
- телефондар;
- банк деректемелері;
- сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;



*жеке тұлға үшін:*

- облигация ұстаушылардың тегі, аты және бар болса әкесінің аты;
- жеке сәйкестендіру нөмірі;
- нөмірі, күні және жеке басын куәландыратын құжатты берген орган;
- тұрғылықты жері;
- телефондар;
- банк деректемелері;
- сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Эмитент жоғарыда көрсетілген жазбаша хабарламаларды Эмитенттің атына берген, сонымен қатар сатып алу басталған күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің басындағы жай-күйі бойынша Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардан облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады.

Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде облигацияларды сатып алу жолымен облигацияларды сатып алуды жүзеге асырады. Өздеріне тиесілі облигацияларды сатуды жоспарлаған облигация ұстаушылары Эмитентке облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сауда жүйесінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен сатуды жүзеге асырады. Эмитенттің облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауы облигация ұстаушыларында эмитентке тиесілі облигацияларды сату міндеттемесінің туындауына себеп болып табылмайды.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы былайша белгіленеді:

- «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда алаңында мәміле жасалған күні қалыптасқан нарықтық құнға сүйене отырып, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасасу кезінде;

- ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында мәміле жасасу кезінде-мәміле тараптарының келісімі бойынша.

Облигацияларды сатып алуды Эмитент облигацияларды сатып алу туралы тиісті ақпарат алғаш жарияланғаннан кейін 35 (отыз бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.

Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) облигациялардың саны туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ эмитенті «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес ашады. Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар бермеген облигациялар осы проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналым мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері

Эмитент облигацияларды Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген тәртіппен және мерзімде сатып алады. Эмитент Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың назарына Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында ([www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)) орналастыру үшін жазбаша хабарлама беру арқылы «Қазақстан қор биржасы»

АҚ - ның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурсында эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-қимылдарының тізбесін көрсете отырып Директорлар кеңесінің шешімін жеткізеді.

Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта орналастыра алады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялар сатып алынатын облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкелмеуі тиіс.

**12. Егер бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:**

1) Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-қимыл тәртібі;

3) ковенанттар бұзылған кезде облигацияларды ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі.

Облигациялардың айналымының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік комиссиясы ұсынған мынадай қосымша шектеулерді (ковенанттарды) сақтауы тиіс:

1) Облигациялар эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартымен және / немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарымен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептемені ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;

2) Облигациялар эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептемесі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу;

3) «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының эмитентті бақылауын жоғалту, атап айтқанда эмитент акцияларының бақылау пакетін (дауыс беретін акциялардың 50% + 1 дауыс беретін акция) тікелей немесе жанама иеленуді не Эмитенттің қызметіне өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігін жоғалту фактісіне жол бермеу;

4) Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті иеліктен шығару күніндегі Эмитент активтерінің жалпы құнының 10% - нан асатын сомаға иеліктен шығармау;

5) S&P, Fitch/ Moody 's халықаралық рейтингтік агенттіктерінің эмитенттің кредиттік рейтингін BB (S&P, Fitch агенттіктерінің шкаласы бойынша) / Ba2 (Moody' s шкаласы бойынша) төмен емес деңгейде ұстап тұру. Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингі төмендеген жағдайда - S&P, Fitch/ Moody 's халықаралық рейтингтік агенттіктерінен BB - (S&P, Fitch агенттіктерінің шкалалары бойынша) / Ba3 (Moody' s шкаласы бойынша) төмен емес эмитенттің кредиттік рейтингін ұстап тұру;

б) мынадай кезеңдерде борыштың EBITDA қатынасы коэффициентінің мәніне жол бермеу:

2021 - 2024 ж. ж. 3 -тен астам,  
2025-2028 ж. ж. 4,3-тен астам,  
2029 жылдан бастап 3-тен астам.

7) коэффициент мәніне жол бермеу келесі кезеңдерде борыштың капиталға қатынасы:

2021-2024 ж. ж. 0,6-дан астам ,  
2025-2028 ж. ж. 1,0-ден астам ,  
2029 жылдан бастап 0,8-ден астам .

Бұл жерде:

«Борыш» - қарыздарды тарту, борыштық бағалы қағаздарды шығару, қаржылық жалдау, туынды қаржы құралдарын сатып алу не сату және ұзақ мерзімді активтерді сатып алғаны үшін төлемдер бойынша кейінге қалдыру нәтижесінде туындаған міндеттемелердің баланстық құнының, сондай-ақ заңды тұлғалардың ХҚЕС-ке сәйкес шоғырландырылмайтын міндеттемелер бойынша кепілдік берілетін негізгі борышының номиналды сомасының сомасы.

«Капитал» - ХҚЕС-ке сәйкес оның барлық міндеттемелері шегерілгеннен кейін ұйымның активтеріне қатысудың қалдық үлесі.

«EBITDA» сатудың өзіндік құнын, жалпы және әкімшілік шығыстарды, тасымалдау және өткізу бойынша шығыстарды шегергенде, сатудың өзіндік құнында, жалпы және әкімшілік шығыстарда және тасымалдау және өткізу бойынша шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизацияға арналған шығыстарды шегергенге дейін, есепті күннің алдындағы соңғы 12 айдағы өткізуден түскен кірістердің сомасы ретінде айқындалады.

Қосымша шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Эмитент бұзушылық басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы бұзушылық туралы ақпаратты бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толықтай сипаттай отырып, Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында ([www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)) ақпараттық хабарлама ұсыну арқылы, сонымен қатар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ақпаратты орналастыру арқылы облигация ұстаушыларға хабарлайды.

Эмитенттің және облигацияларды ұстаушылардың кез келген қосымша шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі іс-қимыл тәртібі осы проспектінің 19-тармағында көзделген.

**13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:**

1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды айырбастаудың тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталатын болса, облигациялар

шығарылымы конверсиялау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналым мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау шарттарын көрсетеді.

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын болып табылады.

**14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;

3) кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану тәртібі болуға тиіс.

Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**15. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері.**

Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығару кезінде – концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.**

Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

**17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:**

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары

Облигациялар шығарылымын орналастырудан алынған ақша мынадай жобаларды іске асыруға арналған:

- «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Сарыбай ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ қайта құру (1-кезең);

- Қазақстан БЭЖ-і Батыс аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу;

- Эмитенттің басқа да жалпы корпоративтік мақсаттары.

2) инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі

Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

**18. Айналым мерзімі өткен Эмитент бұрын орналастырған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сонымен қатар облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.**

Облигациялар талап ету құқығымен төленбейді.

**19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:**

**1) эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген облигацияның номиналды құнының мерзімін алу немесе өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сонымен қатар облигацияның номиналды құнының ол бойынша тіркелген пайызын не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы болып табылады:**

- проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде Эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу құқығы;
- проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде сыйақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- облигацияларды еркін иеліктен шығару және басқа жолмен иелік ету құқығы;
- облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны не өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) Эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері:

Егер Эмитент Заңның 15 - бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және Заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында және 3-тармағында, оның ішінде осы проспектінің 12-тармағының 1) - 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Эмитент Заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақы ескеріле отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша жүзеге асырылады.

Заңның 18-4 - бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында және 3-тармағында, оның ішінде осы проспектінің 12-тармағының 1) - 7) тармақшаларында көзделген жағдайлар басталған кезде Эмитент орналастырылған облигацияларды: (i) жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; (ii) облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша ең жоғары бағамен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 - бабының 2-тармағында және 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында және 3-тармағында, оның ішінде осы проспектінің 12-тармағының 1) - 7) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушыларға облигацияларды сатып алу үшін негіздің туындағаны туралы ақпаратты биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурсында жариялау арқылы жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысы орын алғанын толық сипаттауды, сонымен қатар қажет болған жағдайда өзге де ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушылардың барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқығы бар, ал Эмитент оны қабылдауға міндетті:

*заңды тұлға үшін:*

- облигация ұстаушының атауы;
- бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган (егер қолданылса);
- заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері;
- телефондар;
- банк деректемелері;
- сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

*жеке тұлға үшін:*

- облигация ұстаушылардың тегі, аты және бар болса әкесінің аты;
- жеке сәйкестендіру нөмірі;
- нөмірі, күні және жеке басын куәландыратын құжатты берген орган;
- тұрғылықты жері;
- телефондар;
- банк деректемелері;
- сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар бермеген облигацияларды ұстаушылардың осы проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналым мерзімі өткеннен кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

Эмитенттің Директорлар кеңесі проспектінің осы тармақшасында белгіленген облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талапты ұсыну мерзімі өткеннен кейін 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде эмитент облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерін белгіленген мерзім шегінде алған кезде орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурсында орналастыру үшін жазбаша хабарлама беру арқылы осындай шешім туралы облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Эмитент орналастырылған облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ - ның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурсында облигацияларды сатып алу туралы Директорлар кеңесінің шешімі туралы ақпарат жарияланған күннен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушының банктік шотына ақша аудару арқылы сатып алуды жүзеге асырады.

Облигацияларды сатып алу жөніндегі мәмілелер ұйымдастырылмаған және ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылады. Эмитент облигацияларды сатып алуға берілген барлық өтінімдерді бір мезгілде қанағаттандыруы мүмкін болмаған жағдайда облигацияларды ұстаушылардан облигацияларды сатып алу берілген өтінімдердің кезектілігі тәртібімен жүзеге асырылады.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастауға Эмитент тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе еуроға айырбастау облигацияларды ұстаушы болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізіледі. Облигациялар бойынша төлемді жүзеге

асыру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын облигация ұстаушысының пайдасына теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді. Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары облигацияларды ұстаушы болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.

3) өзге де құқықтар.

## **20. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алған оқиғалар туралы мәліметтер:**

1) туындаған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалардың тізбесі.

Дефолт-эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау.

Басталған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға - осы проспектіде көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімінде облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша эмитенттің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы»).

Егер Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруына мүмкіндік бермейтін облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының анық емес не толық емес деректемелерін алуы нәтижесінде осындай төлемеу не эмитенттің облигациялар шығарылымының осы проспектісінде белгіленген мерзімдерде сыйақыны және (немесе) облигациялардың номиналды құнын толық төлемеуі немесе эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының анық емес немесе толық емес деректемелерін алуы нәтижесінде толық төлемеу не ұсынбау, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде облигациялар ұстаушылар тізілімінің эмитентіне облигациялары бойынша дефолт болып табылмайды.

Эмитент проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмес күш мән-жайларының басталуын Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен растауға тиіс. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда эмитенттің проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақыт кезеңіне мөлшерлес кейінге шегеріледі.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды



ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар.

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент осы проспектіге сәйкес сатып алу бойынша облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын іске асыру жөніндегі рәсімдерді жүргізуге міндетті.

Эмитент дефолттан қолайлы шығуды анықтау мақсатында облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық жасайды, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті көлемдерін және орындау мерзімдерін көрсете отырып, облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда Эмитент қолданатын шаралар эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқарушылық инвестициялық, техникалық, қаржы - экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шараларды қоса алғанда, облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталатын болады. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып қабылдайды.

3) Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигациялар ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарының аударылуы, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғаларға қатысты жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері.

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты «Қазақстан қор

биржасы» АҚ-ның ресми интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларында белгіленген тәртіппен Эмитенттің ресми сайтында ([www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)) және Қаржылық есептеме депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигациялар ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабарында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептердің толық сипаттамасы;

- орындалмаған міндеттемелер көлемі туралы мәліметтер;

- облигацияларды ұстаушылардың эмитентке қойылатын талаппен айналымының тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын тізбелеу;

- дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептерді жою үшін эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;

- облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;

- эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

Облигацияларды ұстаушылар дефолт оқиғасы басталған күннен бастап есептелетін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап беру арқылы өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Эмитенттің Директорлар кеңесі Эмитент облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерін белгіленген мерзім шегінде алған кезде проспектінің осы тармақшасында белгіленген облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талапты ұсыну мерзімі өткеннен кейін 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

